

**Субсидиялар алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдерін анықтау және Петропавл қаласында 2011 жылы екінші дақыл алмасуына басым ауыл шаруашылығы дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 2 қарашадағы N 1608 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 15 қарашада N 13-1-204 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 8 маусымдағы N 1037 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2012.06.08 N 1037 Қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңы 38-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 2-тарауы 10-тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидиялар алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдері және Петропавл қаласында 2011 жылы екінші дақыл алмасуына басым ауыл шаруашылығы дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері анықталсын, қосымшаға с ә й к е с .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Б. Байбақтиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі *Н. Әшімбетов*  
Петропавл қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 2 қарашадағы  
№ 1608 қаулысына қосымша

**Субсидиялар алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдері және Петропавл қаласында 2011 жылы екінші дақыл алмасуына басым ауыл шаруашылығы дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері**

| № р / р | Дақылдардың атауы | Өтінім беру мерзімдері       | Егу мерзімдері                  |
|---------|-------------------|------------------------------|---------------------------------|
| 1       | Қияр              | 2011 жылғы 15 қарашаға дейін | 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК